

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 1191 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы N 22 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 1191 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 47, 500-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарлама паспорты" деген 1-бөлімде:

"Қаржыландыру көзі" деген жолда:

"2008 жылға - 1056,786 млн. теңге" деген сөздер "2008 жылға - 933,912 млн. теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2009 жылға - 1057,505 млн. теңге" деген сөздер "2009 жылға - 1097,44 млн. теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген жолда "3 бірлігін жаңғыртуға және 9 бірлігін сатып алуға" деген сөздер "8 бірлігін жаңғыртуға және 7 бірлігін сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау" деген 3-бөлімде:

"Мемлекеттік эталондық базаны құру" деген 3.1-кіші бөлімде:

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергетикада, машина жасауда, құрылыс материалдарын салуда және өндіруде қолданылатын материалдардың жылу өткізгіштігін өлшеуіштер республикада метрологиялық қамтамасыз етілмеген және салыстырып тексеруге шет жаққа шығарылады." ;

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Өлшем және Салмақ Халықаралық Бюросының шеңберінде жүргізілетін халықаралық түйінді салыстыруларға қатысу үшін ұзындық бірлігінің мемлекеттік бастапқы эталоны қажет. Сондай-ақ бастапқы эталон ұзындық бірлігінің өзіндік көлемі - метр болуына мүмкіндік береді." ;

"Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі" деген 5-бөлімде:

"Мемлекеттік эталондық базаны дамыту және қамтамасыз ету" деген 5.1-кіші

б ө л і м д е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік эталондық базаны дамыту үшін эталондар және эталондық жабдықтарды сатып алу, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік эталондарды жаңғырту үшін жабдықтарды сатып алу қажет.";

бесінші абзацта "өлшем құралдарын алу" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ оларды жете жабдықтау" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде: екінші абзацта "2008 жылға 1056,786 млн. теңгені, 2009 жылға 1057,505 млн. теңгені" деген сөздер "2008 жылға - 933,912 млн. теңгені, 2009 жылға - 1097,44 млн. теңгені" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже" деген 7-бөлімде: үшінші абзацта "3 бірлігін жаңартуға және 9 бірлігін сатып алуға" деген сөздер "8 бірлігін жаңғыртуға және 7 бірлігін сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

2 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының эталондық базасының дамуын қамтамасыз ету: электрлік кедергі бірлігінің эталонын сатып алу; Холлдың кванттық әсер ету негізінде электрлік кедергі бірлігінің эталонын сатып алу ;

жарық күші бірлігінің эталонын сатып алу; түстің координаты және түстілік координаты бірлігінің эталонын сатып алу; 1000 мм дейінгі ұзындық эталонын сатып алу; жылу өткізгіштік бірлігінің эталонын сатып алу;

аэрозольдердің дисперсті параметрлері, ұнтақтар және ұнтақ тәрізді материалдар бірліктерінің және аэродисперсті ортадағы бөлшектердің салмақтық концентрациясы бірлігінің эталонын сатып алу;

ұзындықтың; салмақтың; абсолюттік қысымның; тұрақты ток күшінің; ауыспалы ток күшінің; электрлік сыйымдылықтың; уақыт және жиіліктің; Виккерс шкаласы бойынша қаттылықтың мемлекеттік эталондарын жаңғырту үшін жабдықтарды сатып алу "

реттік нөмірі 2-жолда "өлшем құралдарын алу" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ оларды жете жабдықтау" деген сөздермен толықтырылсын;

6 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 1-жолда "2009 ж. - 410" деген сөздер "2009 ж. - 485" деген сөздермен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 2 - жолда :

"2008 ж. - 198,193" деген сөздер "2008 ж. - 200,323" деген сөздермен ауыстырылсын

;

"2009 ж. - 198,193" деген сөздер "2009 ж. - 284,351" деген сөздермен ауыстырылсын

;

реттік нөмірі 3-жолда "; 2008 ж. - 33,504; 2009 ж. - 33,504" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

реттік нөмірі 4 - жолда :

"2008 ж. - 71,694" деген сөздер "2008 ж. - 65" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2009 ж. - 71,694" деген сөздер "2009 ж. - 58" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5 - жолда :

"2008 ж. - 68,531" деген сөздер "2008 ж. - 45" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2009 ж. - 68,531" деген сөздер "2009 ж. - 21" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6-жолда "2009 ж. - 7,183" деген сөздер "2009 ж. - 7,589" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 7-жолда "; 2008 ж. - 60; 2009 ж. - 60" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 8-жолда "2009 ж. - 12,697" деген сөздер "2009 ж. - 13,236" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 9 - жолда :

"2008 ж. - 195,703" деген сөздер "2008 ж. - 194,428" деген сөздермен ауыстырылсын

;

"2009 ж. - 195,703" деген сөздер "2009 ж. - 228,264" деген сөздермен ауыстырылсын

;

" Ж и ы н ы " д е г е н ж о л д а :

"2008 ж. - 1056,786" деген сөздер "2008 ж. - 933,912" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"2009 ж. - 1057,505" деген сөздер "2009 ж. - 1097,44" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*